




Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университеті

Психология

6-дәріс



Мандыкаева Алмагуль Рамазанқызы
психология ғылымдарының кандидаты
доцент м.а.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР,
НОРМАЛАР - ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗІ
РЕТІНДЕ

Дәріс жоспары


1. Әлеуметтік әлемдегі Мен. Мен-концепциясы. Өзін-өзі таныстыру.
2. Адам өміріндегі құндылықтар. Психологиядағы құндылық түсінігін зерттеу.
3. Құндылықтар тұлғаның маңызды психологиялық ресурсы ретінде.
Тұлғалық құндылықтар.
4. Қызығушылық әлеуметтік іс әрекеттің жетекші мотиві ретінде.
5. Мінез-құлық және нұсқаулар.
6. Тұлғаның адамгершілік негіздері.
7. Тұлғаның рухани әлеуметтенуі.

Әлеуметтік әлемдегі «Мен»

Адамның әлеуметтік ортадағы өз орны туралы, өзінің әлеуметтік бағдары мен сенімдері және пайымдаулары, өзі туралы көзқарастар жиынтығы.

Әлеуметтік әлемдегі «Мен» адамды альтруизмге жетелейтін екі әлеуметтік нормамен анықталады:

1. Өзара қарым-қатынас нормасы
2. Әлеуметтік жауапкершілік нормасы



«Мен» концепциясы

Индивидтің өз мінез-құлық тенденциясы мен өзіне беретін бағасын білдіретін өзі туралы түсініктер жиынтығы.

Адамның өзі жайлы жалпы ұстанымдар жүйесі. «Мен» концепциясы - бұл үнемі өзін-өзі анықтау, өзін әлеуметтік ортаға сәйкестендіру сезімі арқылы сипатталынады



«Мен» концепциясы құрылымы.

У. Джемс бойынша



«Нақты Мен»

- индивидтің өзінің өзекті қабілеттерін, рөлдерін, өзінің өзекті мәртебесін қабылдауы
- шын мәніндегі түсініктерімен байланысты

«Айналы (әлеуметтік) Мен»


- индивидтің басқаларға қатысты өзіндік түсінігі
- өзіміз туралы ой-пікіріміз айналамыздағы адамдардың біздің мінез-құлқымызға жауап беру реакциялары бойынша сипатталады;

«Мінсіз Мен»

- тұлғаның қандай болғысы келетіні туралы түсінігіне байланысты ұстанымы

Мүмкін болатын «Мен»

- болашақта қалай болатындығы туралы түсінігіне байланысты



«Мен» концепциясы (өзіндік сана) құрылымы, К. Роджерс бойынша

«Идеалды Мен»

- болашаққа, идеалға негізделген сипаттама

«Реалды Мен»

- шындықтағы шынайы сипаттама



«Мен» концепциясының қызметі

тұлғаның ішкі үйлесімділігіне қол жеткізуге ықпал етеді;
тәжірибені түсінуді анықтайды;
тұлғалық болашақ бейне көзі болып табылады;
жағдайлар мен тұлғалар арасындағы өзара себеп-салдарлы
байланыс адамдарды қоршаған ортаға ықпал етуші немесе оның
ықпалына жауап беруші тұлға ретінде қарастыруға мүмкіндік
береді.

«Мен» концепциясының зерттелінуі

"Мен-концепциясы" дербес ұғым ретінде XIX-XX ғасырдың тоғысында қалыптасты;

Өткен ғасырдың 50-ші жылдарында феноменологиялық және гуманистік психология бағытында дамыды (А. Маслоу және К. Роджерс)

- «Мен» мінез- құлық және оның даму факторы;

XX ғасырдың 80 - 90-шы жылдары "Мен-концепциясы" термині Ресейде психологиялық ғылымның бір бөлігіне айналды;

Ортақ, нақты және бірыңғай түсіндірме болмасада, "өзін-өзі тану" терминімен сәйкестендірілді

«Мен» концепциясы тұлғаның даму үрдісінің өнімі ретінде қарастырды



К. Роджерс бойынша

«Мен» ұғымының 4 параметрі

өзі туралы реалды түсінігі;

өзінің әлеуметтік ролі туралы түсінігі;

өз жағдайы және денсаулығы туралы түсінігі;

өз мақсаттары туралы түсінігі;





«Мен-концепциясының» динамикалық аспектісі (М. Розенберг)

«Мен» - өткен шақ;

«Мен» - осы шақ;

«Мен» - келер шақ.



А.А. Нальчаджян: «Мен-концепциясы»

«Өзін тану» және «Мен-концепциясы» терминдері синоним;
Танып білуші «Мен» - тұлғаның негізгі компоненті, яғни өзі жайында білу, өзін тану;
Негізгі «Мен»;
Ситуативтік «Мен».




К. Хорни: «Мен» концепциясы

Идеалды «Мен»;
Анти-идеал «Мен»

Анти-идеал «Мен» адамның «қандай болғым келмейді», менің «жек көрінішті МЕН-ім» туралы анық жағымсыз көріністі бағалаумен сипатталынады.





С.Л. Рубинштейн: «Мен» концепциясы

«Мен» туралы жалпылама түсінігі өзін-өзі қабылдау, өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі талдау процесінде пайда болатын жеке элементтердің «жиынтығы" болып табылады.





«Мен» концепциясы және өзіндік баға


Бағалау параметрлері:

физикалық (тәндік) сапа бойынша бағалау; сәттілік, қол жеткізген жетістіктері бойынша бағалау; интеллектуалды даму көріністері бойынша бағалау; тұлғааралық қарым-қатынас бойынша берілген бағасы; жауапкершілік қасиеті тұрғысында бағалау.



«Мен» концепциясы: дамуы

Әр кез даму үрдісінде;
Әр кез өзгеру жағдайында;
Жас категорияларына байланысты;
Жас ұлғайған сайын, «Мен» сипаты да күшейеді;
Ересектеу жаста өз стильдерін, әлсіз жақтарын жақсы біледі.
Жеке тәжірибенің кеңдігімен, күрделі когнитивтілігінің
артуымен, білімінің ұлғаюымен байланысты дамиды.
Өзіндік бағаның дифференциялануы әлеуметтік және
тұлғалық даму



Өзін-өзі таныстыру



Адам өзін қоршаған адамдарға саналы немесе бейсаналы түрде көрсетеді, ал бұл өз кезегінде, келіп түскен ақпарат негізінде ол туралы белгілі бір әсер қалыптастырады – бұл өзін-өзі көрсету. Өзін-өзі таныстыру (ағылш. self-presentation), өзін-өзі тану және өзін-өзі көрсету ұғымдарының синонимі. Өзін-өзі таныстыру термині өзінің сыртқы имиджін жасау және бақылау; Бірқатар стратегиялар мен техникалар арқылы әсер ету арқылы өзі туралы ақпарат беру.

Әр түрлі авторлар бойынша «Өзін-өзі таныстыру» ұғымына сипаттама

И. Гофман: өзін-өзі таныстыру бұл адамдардың өз мақсаттарына жету үшін басқа адамдармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру құралы;

Дж. Тедешин және М. Риес: өзін-өзі таныстыру бұл – әлеуметтік мінез-құлық түрі;

Б. Шленкер және М. Вейголд, М. Лири және Р. Ковальски; Д. Майерс: өзін-өзі таныстыру бұл – өзін-өзі бағалауды қолдау құралы;

Ч. Кули: өзін-өзі таныстыру бұл – "мен" бейнесін қалыптастыру және өзін-өзі бағалау құралы;

Р. Баумейстер және А. Стейхилбер: өзін-өзі таныстыру бұл – өзін-өзі көрсету құралы;

Ф. Хайдер және Л. Фестингер: өзін-өзі таныстыру бұл – когнитивті диссонансты жоюды қабылдау;

Р. Аркин және А. Шутц: өзін-өзі таныстыру бұл – сәтсіздіктерге қол жеткізу немесе болдырмау мотивациясын жүзеге асыру;

Әр түрлі авторлар бойынша «Өзін-өзі таныстыру» ұғымына сипаттама

Р. Викланд: өзін-өзі таныстыру бұл – басқалардың бағалауын қабылдау нәтижесінде объективті өзіндік сана жағдайын жасау;

Г. Глейтман: өзін-өзі таныстыру бұл – өзіне назар аудару нәтижесінде мотивацияның жоғарылауының салдары;

И. Джонс және Т. Питтман: өзін-өзі таныстыру бұл – тұлғааралық қарым-қатынаста билікке ұмтылу;

А. Фестингер, М. Шерер және А. Басс, М. Снайдер: өзін-өзі таныстыру бұл – жеке тұлға көрінісі;

Л.Б. Филонов: өзін-өзі таныстыру бұл – сенімді қарым-қатынас құру қажеттілігіне

байланысты

немесе (Р. Парфенов) өзара әрекеттесуді орнатуға бағытталған қажеттілік;

А.А. Бодалев: өзін-өзі таныстыру бұл – қоршаған ортаның қарым-қатынасына әсер ету, серіктесті белгілі бір тәсіл бойынша қабылдау бағыты (Ю.С. Крижанская және В.П. Третьяков,

Г.В. Бороздина);

Ю.М. Жуков: өзін-өзі таныстыру бұл – белгілі бір әсер ету және өз мінез-құлқын реттеу;

А.Н. Лебедев-Любимов: өзін-өзі таныстыру бұл – жарнама қызметі.

И. Гофман: өзін-өзі таныстыру теориясы

1959 жылы: "өзіңді күнделікті өмірде өзгелерге ұсыну" атты еңбегінде:

Әлеуметтік өзара әрекеттестікке және осы өзара әрекеттестікте пайда болған әсерді басқаруға арналған "Әлеуметтік драматургия" тұжырымдамасын енгізді.

Ұсынылатын маска - өзіңіз туралы жасайтын сурет, біз орындайтын рөлдер.

Өзімізге ие болудың маскалары;

Рөлді орындау екінші маскаларымыз.

Гофман: бір адамның бойында екі "Мен" бар: бірінші "Мен" – өзім үшін және екінші "Мен" – басқа адамдар үшін. Кейіннен үшінші "Мен" - "таза" немесе "өңделмеген", экстремалды жағдайларда пайда болатын «Мен».

И. Гофман бойынша өзін-өзі таныстырудың маңызды аспектісі – драматизация.

Джонс пен Питтман бойынша өзін-өзі таныстыру стратегиясы мен техникасы

: Стратегиясы

Ұн ауға
(indratioting)

Келісімін
пайдалылығын
білдіру

білдіру, Тартымды болу

Өзін-өзі жарнамалау, өзін-өзі ұсыну (seif-promotion)

Мақтану, білімін, ептілігін Құзіреттілігін көрсету
демонстрациялау

Қорқыту (intimidation)

Талап ету, жағымсыз салдар Қауіптілігін көрсету
болуымен қорқыту

Мысалдармен
(exemplification)

Мақтанушылық,
жетістіктерін
демонстарцияла

өз Мәртебелілігін көрсету

Өтініш (supplication)

Сұраныс жасау әлсіздігін Әлсіздігін көрсету
және тәуелділігін
демонстрациялау

у

«Құндылық» ұғымын зерттеу.

Құндылық - бір нәрсенің маңыздылығы, мәнділігі. Халықтың, қоғамның мәдениеті, рухани өмірі үшін кез келген заттар, құбылыстар маңызды.

Құндылықтар ұғымы философияда, әлеуметтануда және этика ғылымдарынада зерттелінеді.

С.Л. Рубинштейн: «Құндылықтың болуы немқұрайдылықтың көрінісі

емес,

керісінше, адам үшін, оның өмірі үшін әлемнің әр түрлі маңызды қырлары мен аспектілері.



Құндылықтар туралы түсініктер

Сократ бойынша құндылық «адамның өмірді бағалауы». Аристотель бойынша «жақсылық», «игілік» - жағымды мінез-құлық, рухани құндылықты бейнелейді.

Адамдар өміріндегі құндылықтар

Құндылықтар идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл- ой, сана арқылы қабылданады.

Сезім мен ақыл-ойдың ұштасуы және сол арқылы адам іс-әрекетінің белгіленуі.

Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, сана арқылы түсінеді. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де, іс-әрекет етеді.

Құндылықтардың бастау көзі халықтың мол мұрасында. Ол мұра – халық пайда болғалы

онымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқан құнды дүниелер.


Адамдар өміріндегі құндылықтар

Рухани-адамгершілік құндылық – белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Рухани-адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүниесі қасиетінің өлшемі,

адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы

адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып, өзін-өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануы.



Құрылымы бойынша құндылықтар саласы

Мәдени құндылық
Әлеуметтік құндылық
Экономикалық құндылық
Саяси құндылық Рухани
құндылық



Құндылықты зерттеу мәліметтері


«Кеңес жастары»: қоғамға пайдалы болу, шығармашылық, адамдардың құрметіне ие болу, сүйікті болу, сүйе білу ;
материалдық әл-ауқат, тыныш өмір – төмен бағаланған

Әлеуметтік пайдалы жұмыс жасау

60-шы жылдары: сүйікті
жұмыс, сүйе білу, сүйікті
болу, қоршаған ортаны
құрметтеу

80-жылдары: саяси
мәдениет,
қоғамдық- саяси
қызмет, өнер,
еңбек

Қазіргі жастар өміріндегі басты құндылықтар


A graphic on the left side of the slide featuring three concentric semi-circles. The outermost semi-circle is solid red. The middle semi-circle is defined by a dashed red line. The innermost semi-circle is also defined by a dashed red line. These semi-circles are aligned with the horizontal sections of the text box on the right.


отбасын
құру

денсаулық
сақтау

адами капиталды қалыптастыру және
дамыту

Қазіргі жастардың негізгі өмірлік құндылықтары (В.Е. Семенов зерттеуі)





Жастардың құндылық бағдары

Жалпы экономикалық және мәдени деңгейдің перспективалық дамуымен тікелей байланысты; Қоғамның нақты құндылықтарын көрсетеді; Жастардың құндылық жүйесі қоғамның болашағы.



«Құндылықтар» жүйесі



Адам өміріндегі құндылық
оның маңызды мінез-құлқы
мен іс-әрекетінің бағыты,
негізі.

Идеалдар
ы

Тұлғаның
бағытты-
лығы

Құнды
қатынаста
р және
бағдар

Нормала
р

Тұлғалық
мәні



Құндылықтар жүйесі

1. Құндылық бағдар

2. Мақсат

3. Мотив



Құндылықтардың жіктелуі

Дәстүрлі


Заманауи

Базалық

Терминалды

Инструменталды





Құндылықтардың жіктелуі

Мәдени
құндылықтар

Материалдық
жағдай

Әлеуметтік
- саяси
құндылықтар

Қоғамдағы тәртіп пен қайырымдылық,
әділдік,
ерік-жігер және т.б.

Рухани
құндылықтар

Білім мен ғылым

Тұлғалық
құндылықтар

Өзін-өзі өзектендіруге, тұлғалық
жетілуге бағытталған



Қазақстанда құндылық түсінігі

Әль-Фараби, Ж. Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауидің еңбектерінде кездеседі. Қазақстанда құндылық ұғымын көптеген ғалымдар зерттеп, (Қ. Әбішев, Н.С. Әлқожаев, Қ. Жарықбаев, М. Жүнісов, С. Қалиев, К.Ж.

Қожахметова, Г.К.

Нұрғалиева, К. Оразбаева, И. Шәмшатұлы, К. Нұғыманова) анықтама берген. Н.С. Әлқожаевтің пікірінше, құндылық, адам бойындағы жақсы қасиеттер мен имандылық.

Қ. Жарықбаев бойынша, ол ұлттық тәрбие мен ұлттық сана. Ш. Майрағанова бойынша құндылық оқу мен тәрбиеге бағытталған идеялар.

Құндылықтар тұлғаның маңызды психологиялық ресурсы ретінде

Жеке құндылықтар - бұл адамдардың жақсы өмірге және оңтайлы мінез- құлыққа деген сенімдері. Ол адамның мақсаттары мен сол мақсатқа жетуге жетелейтін жолдары арқылы көрінеді.

Абрахам Маслоу тұжырымдамасы бойынша: адам табиғатынан жақсы және

өзін жетілдіруге қабілетті, адамдар – саналы әрі даналы ой иесі, адамның


мәнділігі өзін тұлғалық өсуге, шығармашылық жетілуге бағыттау - бұл оның тұлғалық құндылығы бола алады.

Тұлғалық құндылықтар

Жеке тұлғалық құндылықтар жеке мотивация көзі болып табылады, олар функционалдық қажеттіліктерге тең. Құндылықтар бір жағынан өмірлік маңызды биологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты, ал екінші жағынан олар әлеуметтік өзара әрекеттесуге негізделген және адамдардың мінез-құлқын реттейтін функцияны орындайды. Құндылықтар басқа адамдарға таралады және бірнеше ұрпақ бойы сақталуы мүмкін.



Тұлғалық құндылық сипаты




Құндылықтарды зерттеу арқылы олар адамның жасы, жынысы және қоғамдастықтың мәдениетіне байланысты екенін көрсетті. Мысалы, адам жас кезінде ең алдымен тәуелсіздік пен бостандықты басты құндылық деп есептесе, ал қарттық шақта – игілік пен өмірлік жайлылықты құндылық қатарында жоғары бағаға ие. Ерлердің құндылықтары жетістікке ұмтылады, аләйелдер көбінесе махаббат пен отбасының құндылықтарына бағытталған. Әртүрлі мәдениеттегі құндылықтардың айырмашылықтары да өзгеше болатыны белгілі.

Тұлғаның мақсаттық құндылықтары.
Е.Ф. Яценко бойынша

Қызықты жұмыс, кәсіби жетілу;
Материалдық жағдай;
Таным;
Шығармашылық;
Қатынас руханилығы;
Әдемілік;
Тұлға дәрежесі;
Денсаулық;
Патриоттылық.

М. Рокич бойынша құндылықтың жіктелуі



Тұлғаның құндылық бағдар компоненттері



Құндылық бағдарды зерттеуде бірнеше компоненттерді анықтауға болады. Мақсатты (жетістікке жетуді жоспарлау), мотивациялық, эмоционалды-жігерлі, рефлексивті-бағалау

Компонент	Қысқаша сипаттау	Критерийі
Мақсаттық	Бағдарлард бағыты және ы	Әлеуметтік маңыз бар әреке ы
Мотивациялық	Мазмұнды мазмұнды	Әрекет бағыттылығы
Эмоционалды-жігерлі	Белсендіру мақсаттарына жетуде барын салы көрсету	Сезім мен жігерді
Рефлексивті-бағалау	Өзінің іс-әрекеттерін тұлғалық деңгейде бағалау бағалау	Әрекеттерді өзіндік

Ш. Щварц бойынша құндылықтар типі:

Билік – байлық, әлеуметтік статус, адамдар мен ресурстарға бақылау және басшылық жасау;

Жетістік - әлеуметтік стандарттарға сәйкес, қабілет арқылы жеткен жеке жетістік;

Гедонизм – өзіндік рахаттану және сезімнен рахат алу: Тәуекел - өмір.


Күшті сезімдер мен жаңа ақпараттармен бөлісу; Өзіндік - өзіндік зерттеудегі, шешім қабылдаудағы тәуелсіздік; Әмбебаптылық - барлық адамды және табиғатты қорғау, жоғары бағалау, түсіну. Толеранттылық;

Жақсылық тілеу – өзі көп араласатын адамдарды қорғау және көмектесу;

Салт-дәстүр – әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге деген құрмет.

Комформдылық – қарапайымдылық, көпшілік алдындағы бейнесін сақтау;

Қауіпсіздік – тұрақтылық, қауіпсіздік қоғам, отбасы, адамдармен үйлесімділік.



Қызығушылық әлеуметтік іс-әрекеттің жетекші мотиві ретінде

Қызығушылық дегеніміз - адамның белгілі бір нәрсеге деген белсенді, таңдаулы қатынасы. 1. «Қызығушылық» ұғымы субъективті қатынасты білдіреді, нақты жағдайларда адамның өмірі мен іс-әрекетіне әсер етеді. 2. Қызығушылықтың бастаулары қоғамдық өмірде жатыр. 3. Қызығушылық адам үшін маңызды және құнды нәрсені көрсетеді. 4. Қызығушылық - тұлғаның бағытын білдіре отырып, басқа объектілерден артықшылығын көрсетеді.





Мінез-құлық және нұсқаулар

Мінез - субъектінің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезінде көрінетін оның сыртқы және ішкі белсенділігі. Мінез – адамның негізгі өмірлік беталысын және оның өзіңдік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешілік. Ол көп қасиеттің бірлігі, адамды әр қырынан көрсететін қасиет.

Мінез-құлық типтері



Мінез-құлық және нұсқаулар

[https://www.youtube.com/watch?](https://www.youtube.com/watch?v=NhIKrcBOrqM)

[v=NhIKrcBOrqM](https://www.youtube.com/watch?v=NhIKrcBOrqM) В.С. Мухина: Ғалым немесе қылмыскер?

Әлеуметтік психолог Хейзел Маркус (2005): «...жалпы алғанда, адамдар көмпіс»

деп тұжырымдайды. Басқаша айтқанда, біз өзімізді қоршаған әлеуметтік ортамызға қарай бейімдейміз. Біздің ұстанымымыз бен мінез-құлқымыз

сыртқы

әлеуметтік ықпалдардың әсерімен қалыптасады.

Бағдар теориясы. Д.Н. Узнадзе

Бағдар - адамның мінез-құлқын реттеуші негізгі механизм болып саналады, оның таңдау белсенділігі мен бағыттылығын анықтайды.



Тұлғаның адамгершілік негіздері




Адамгершілік адамның әрекеті мен ұмтылысын, ойлау бейнесін анықтайтын ішкі (рухани) құндылықтар

Адамның ең маңызды жеке тұлғалық сапасы

Нақты жағдайларда жақсылық пен жамандық арасындағы айырмашылықты бөліп көрсету функциясын атқарады




Адамгершілік



Тұлғаның рухани әлеуметтенуі

Руханилық - жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі адамды мейірімділікке, ізгілікке шақырады.





Бақылау сұрақтары

«Мен» концепциясының бірнеше анықтамасына салыстырмалы талдау жасаңыз.

«Мен» концепциясының даму және қалыптастыру көздерін атап өтіңіз. Д.Н. Узнадзе теориясы туралы толық түсініктеме жасаңыз.

«Құндылықтар» дегеніміз не?

«Тұлғалық құндылықтар» ұғымына не кіреді?



Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

Бернс, Р. Развитие Я – концепции и воспитание/Р. Бернс. – М.: Прогресс, 1986, 367с. Дэвид Майерс Социальная психология. Интенсивный курс. - СПб.: ПраймЕврознак, 2007. — 512 с.

Духовная социализация как проблема социальной философии: автореферат дис....

доктора философские наук: 09.00.11 / Матвеева Алла Ивановна;[Место защиты: ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный университет»].- Челябинск, 2011.-42с.

Хлебодарова, О. Б. Общая характеристика ценностей человека, их роль и местов

структуре личности / О. Б. Хлебодарова. — Текст : непосредственный //

Молодой

ученый. — 2012. — № 6 (41). — С. 357-361.

<https://www.psychologos.ru/articles/view/osnovnye-zhiznennye-cennosti>

Назарларыңызға рахмет!

